



**«Шомшақты жалпы білім беретін мектеп» КММ
мектепшілік ата – аналар жиналысының
жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы**

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

Мақсаты: Баланы қорғау-сауықтыру, бақылау іс-әрекеттерін жүзеге асыру және жүйелі тәрбие беру барысында бестік одақтың жұмысын ұйымдастыру.

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жалпы мектептік ата-аналар жиналысы: - ата-аналар комитетінің төрайымын тағайындау; - жаңа оқу жылында өтілетін іс-шара жоспарымен таныстыру; - өмірдің уақытша қиын кезеңдеріне кезіккен отбасыларға демеушілік көмектерін ұйымдастыру	Қыркүйек, қаңтар	ДТЖІО, Ата-аналар комитетінің төрағасы
2	Ашық әңгіме: «Жастар жарқын өмірді тандайды, ол үшін біз не істеуіміз керек?»	Жылына 2рет	8-11 сынып жетекшілері
3	Ата-аналармен кездесу: - ерекше назардағы оқушылардың ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету; - «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада»; - «Оқушының бос уақыты». Сауалнама толтыру.	Қазан Сәуір Үнемі	Педагог-психолог
4	Отбасылық кеңес: «Сұрақ-жауап»	Ақпан	
5	Дөңгелек үстел: «Дені сау, рухани бай ұрпақ тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің ролі»	Қаңтар	ДТЖІО
6	Пікірсайыс: «Балаларымыздың жасырын әлемі»	Кезінде	Педагог-психолог
7	КТІЖБ инспекторымен кездесу	Кезінде	
8	Құқықтық оқыту: - ҚР «Неке және отбасы туралы» заңы; - ҚР «Бала құқығы туралы» заңы; - ҚР «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңы; - ҚР «Тіл туралы» заңы	Токсан сайысын	ДТДЖО, Құжық пәні мұғалімі
9	Сайыс: «Өнегелі отбасы»	Наурыз	Сынып жетекшілер
10	Ата-аналар комитетінің отырысы: - Жылдық есеп; - Жаңа оқу жылын жоспарлау	Мамыр	ДТДЖО

Оқушылар және олардың ата-аналарымен жеке профилактикалық

жұмыс жүргізу комиссиясының жұмыс жоспары

№	Іс – шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мектеп ұжымын профилактикалық жұмыс жүргізу комиссиясын құру жөніндегі бұйрықпен таныстыру	Қыркүйек	ДТДЖО
2	Сабақтан себепсіз көп қалған оқушылар, олардың ата-аналары, заңды өкілдерімен профилактикалық жұмыс жүргізу	Үнемі	Комиссия мүшелері
3	Сабақтан себепсіз көп қалған оқушылар туралы сынып жетекшілерінен жазбаша мәлімет алу	Ай сайын	ДТДЖО, ӘБЖ
4	10-11 сынып оқушыларымен жеке профилактикалық әңгіме жүргізу	Тоқсан сайын	ДТДЖО, педагог-психолог, әлеуметтік педагог
5	Міндетті түрде арналатын құжаттар: 1.Сабаққа себепсіз келмейтін оқушыны есепке алу журналы (<i>хаттам, түсініктеме, т.б.</i>); 2.Сабақтан себепсіз көп қалған әр оқушыға жеке құжат; 3.Мазмұны көрсетілген шығыс құжаттарын тіркеу дәптер; 4.Мектеп әкімшілігінің оқушыларды үйлеріне бару, танысу, бақылау дәптері	Үнемі	Комиссия төрағасы
6	Педагогикалық кеңес: «Профилактикалық жұмыс жүргізу бойынша комиссия жұмысы»	Тоқсан сайын	Комиссия төрағасы
7	9-11 сынып жетекшілеріне семинар өткізу: «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу».	Тоқсан сайын	ДТДЖО, педагог-психолог, әлеуметтік педагог
8	Директор жанындағы мәжілісте тоқсандық қорытындыларды тыңдау, талқылау	Тоқсан сайын	Комиссия төрағасы

Ата-аналар жиналыс хаттамасы
2023-2024 оқу жылы

Ата – аналар жиналысының хаттамасы

Шомшақты жалпы орта мектебі»
Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының
Хаттамасы №3

Өткізілген күні: 17.03.2023 жыл

Зертас ауылы

Қатысқандар:

Мектеп директоры: Қ. Қаратаев

ДОПЖО А. Салхожаев

ДПЖО А. Нурмаханбетова

Мектеп психолгы Н. Амирханова

Сынып жетекшілер-11

Ата-ана-42

Қатысқаны: 195

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылының қорытындысы туралы;
2. Пән мұғалімдерімен жеке сөйлесуі;
4. Жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігі;
5. Ағымдағы мәселелер.

Жиылыс коучинг форматында өтті. Ата-аналар «Санамақ» әдісі арқылы төрт топқа бөлінді.

Жиналыс барысында сынып жетекшілер 2021-2022 оқу жылының қорытындысымен таныстырды. Пән мұғалімдері мен ата-аналар арасында жеке сөйлесулер ұйымдастырылып, толғандарып жүрген сұрақтарға жауап алынды

1. Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А. Салхожаев оқушылардың алған білімдерінің динамикасы мен мониторингі бойынша 4-тоқсан қорытындысымен ата-аналарды таныстырды. Оқу озаттары мен екпінділерді атап өтті.

2. Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Нурмаханбетова жазғы демалыс кезінде оқушылардың демалысын ұйымдастыру және өмір қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы коучинг ұйымдастырды. Ата-аналар балаларының өміріне жауапты екенін өздері айтып кетті. Сонымен қатар демалысты қайтсе қызықты етіп өткізсе болады деген сұраққа жауап жазды.

3-Үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А. Салхожаев 11 сынып оқушылары, түлектерді аттестаттауға және ҰБТ-ға дайындау жөнінде ақпарат берді. Оқушылардың бейіндік таңдау пәндерін 9-10 сыныптан бастап таңдап сол бағытта дайындау керек екендігіне және балааның бейіміне баратын оқуының дұрыс бағыт беруге ақпарат берді. ЖОО сайтынан оқу орындары мен таңдау пәндері туралы ақпарат алу туралы айтып өтті.

4. Төртінші мәселе бойынша мектеп психологы Н. Амирханова оқушылардың аутодеструктивті мінез-құлқын алдын алу туралы ақпараттар беріп, ата-аналармен тренингтар өткізді.

Жарыс сөз:

1.Ата-аналар комитеті Н.Ө.Барлықпаева: Жиналыс жақсы деңгейде ұйымдастырылған. Балаларымыздың 1 тоқсан бойынша қорытындысын білдік. Топтық жұмыста балаларымыздың өмір қауіпсіздігі, біз елей бермейтін жағдайлар қарастырылды, балаларымызды үйірмелерге қатысуна қолдау жасаймыз. Тренингта қызықты өтті.



2. Ата-ана Тұрсынбаева Алма: 4 тоқсан бойынша балалардың үлгерімін білдік. Келесі тоқсанда білімдерін көтеруге ықпал етуге тырысамыз. Сайлау жөнінде ақпарат алдық. 11 сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындығы қосымша сабақтар ұйымдастырса қолдау көрсетіп, баламыздың дайындығына көңіл бөлеміз.

Қаулы:

- 1.Оқушылардың білімдерінің сапасын көтеруге ата-аналар тарапынан қолдау көрсетуге ықпал жасалынсын
2. Оқушылардың жазғы демалыс, өмір қауіпсіздігіне тікелей ата-аналар жауапты екенін ескерілсін
3. Түлектердің ҰБТ-ға дайындығы ата-аналар тарапынан қолдау тапсын, күшейтілсін.
4. Оқушылардың аутодеструктивті мінез-құлқын алдын алу туралы ақпараттар, тренинг барысындағы ақыл-кеңестер бала тәрбиесінде басшылыққа алынсын

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:

 **К. Қаратаев**
 **А. Ағайдарова**

Ата – аналар жиналысының хаттамасы

Шәһнақты жалпы орта мектебі»
Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының
Хаттамасы №3

Өткізілген күні: 03.01.2023ж.

Зертас ауылы

Қатысқандар:

Мектеп директоры: Қ. Қаратаев

ДОПЖО А. Салхожаев

ДПЖО А. Нурмаханбетова

Мектеп психологы Н. Амирханова

Сынып жетекшілер-11

Ата-ана-42

Жиналыс төрағасы: Қ. Қаратаев

Ата-аналар төрайымы: Ж. Мусаханова

Хатшы : А. Ағайдарова

Қатысқаны: 195

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 жаңа оқу жылындағы 3- тоқсан бойынша оқушылардың үлгерімі.
2. Баяндамалар : Отбасы тәрбие ісі-қоғам негізінің басталуы»
3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

- 1.2021-2022 жаңа оқу жылының3-тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі қорытындысымен таныстырып өтті.Қорытынды бойынша қанша оқу озаты,оқу екпіндісі болғанын,оқушылар үлгерімінің пайыздық көрсеткіштерімен таныстырды.Токсан аяғындағы оқушыларды қорытынды бақылау жұмыстарының өту,орындалу барысын толықтай баяндап берді.Ата-аналар тарапынан сұрақтар болған жоқ.
2. «Отбасы тәрбие ісі-қоғам негізінің басталуы» туралы баяндамалар жайлы жалпы қысқаша баяндама айтып өткіздім.

Отбасындағы болып жатқан жағымсыз жағдай баланы психикасына кері әсер етеді. Басқа өмірді аңсайды немесе теріс тәрбиеге тез бой алдырып үлгереді, егер осы теріс жолға мүлде бет бұрып кетсе, онда бәйтеректің бір бұтағы қисық өсті дей беріңіз. Бақытсыз қаз, бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда негізгі кінәні кімнен іздейміз: Кейде сабақты жиі қалдыруға әр түрлі сылтауларды үлкендірдің өзі үйретіп отырады. Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырғанын аңғармай да қалуы мүмкін. Жас шыбықты қалай иесін, солай өседі ғой. Иә «Үяде не көрсен үшқанда соны ілерсің» демекші ата-ана тәрбиесі бола өмірінде үлкен із қалдырады.


5. Ағымдағы мәселелер жайлы жалпы ата-аналарға сөз берілді.
Ата-аналар өздерінің қызықтыратын сұрақтары мен ұсыныстарын айтты.

Ұсыныс:

1. Оқушылардың сабаққа келуін, кешікпеуін ата-аналар тарапынан да қадағалау
2. Ата-ананың мектеппен тығыз байланысты болуын ұйымдастыру.
3. Сабақтан тыс уақыттағы өмір қауіпсіздігі, үйінде болуы, сабақтан қалмауы кешкі уақыттарда сабақтан тыс кездерде бей-берекет көшеге шығармау ата-анасына тапсырылсын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:

 К. Қаратаев
 А. Ағайдарова

ХАТТАМА
АТА – АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ №1
12 .09. 2024 ж.

Күн тәртібінде:

1. Баяндама «Тәрбие отбасынан басталады»
2. Өткен оқу жылы туралы ата - аналар комитетінің есебі
3. Оқушылардың жаңа оқу жылында оқулықтармен жабдықталуы мүмкіндігі
4. Әр түрлі мәселелер

Қатысканы 13 адам

Шақырылған қатысушы: 23


Күн тәртібі бойынша сөйлегендер:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сынып жетекшісі «Тәрбие отбасынан басталады» атты баяндамасын оқумен басталады. Тәрбиенің негізі отбасынан бастау алатыны жайлы айтып өтті.
2. Екінші мәселе бойынша ата- аналар комитеті сайланды. Ата- аналар комитетінің төрайымы/төрағасы Бағдаулет Лаура
Оның мүшесі : Сламиндинова Ажар
Өткен оқу жылында ата- аналар түгел келісім шартқа отырды. Мектепте ағымда түрлі іс- шараларға ата- аналар комитеті өз қолдауларын көрсететіндігін айтып өтті.
3. Үшінші мәселе бойынша сынып жетекшісі : Мамутова Бақтыгуль сөз алды.
Сөйлеу барысында оқушылардың жаңа оқу жылында оқулықпен қамтамасыз етілуіне тоқталап өтілді. Оқушыларды түгелімен оқулықтармен қамтамасыз етілетіні жайында айтып өтті.
4. Төртінші мәселе бойынша ата- аналар комитетінің мүшесі сөз сөйледі. Ата- аналардың балаларына дұрыс көңіл бөліп, тәрбие беруі және оқу үлгеріміне көбірек көңіл бөлуі жайында, сонымен қатар оқушылардың мектеп формасымен келуіне мән беруі керектігін қоса айтып өтті.
Себепсіз балаларын сабақтан алып қалмауын да айтып өтті. Токтала келе ата- аналар мен мұғалім арасында тығыз байланыс орнатылуы тиіс екендігі айтылды.

Жиыналыстың шешімі:


1. Өткен оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Оқушылардың оқулықтармен жабдықталуы қанағаттанарлық деп табылсын.
3. Ата- аналар комитетіне төмендегі ата- аналар тағайындалсын.

Сынып жетекші:



Б. Мамутова

Ата – аналар комитеті:



Л. Бағдаулет



А. Сламиндинова



С к а н и р о в а н о с Cam

Сканировано с CamScanner

Ата-аналар жиналысының хаттамасы.

2022-2023 оқу жылы.

«Шомшақты жалпы орта мектебі»

Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының

Хаттамасы №2

26 – қазан 2022 жыл

Зертас ауылы

Қатысқандар:

Мектеп директоры К.Спатаев

ДОИЖО А. Салхожаев

ДТИЖО А. Нурмаханбетова

Мектеп психолгы Н. Амирханова

Сынып жетекшілер-11

Ата-ана-42

Жиналыс төрайымы: К. Спатаев

Ата-аналар төрайымы:Х. Еркеева

Хатшы : А.Агайдарова

Күн тәртібінде:

1. Бірінші тоқсан бойынша оқушылардың білім сапасы

ДОИЖО: А.Салхожаев

2.Балалардың жолда жүру ережесін қатаң сақтау мәселесі

ДТИЖО: А. Нурмаханбетова

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, ДОИЖО: А.Салхожаев ата-аналарға баяндама жасады.Баяндау барысында 2022 -2023 оқу жылының біріншітоқсанында оқушылардың білім сапасына мониторинг жүргізген туралы айтты. Биылғы оқу жылы оқушылар саны жыл басында 212 болып нақтыланды.

Оқушылардың үлгеріміне келсек,мектеп бойынша білім сапасының көрсеткіші- 68,2 %,оның ішінде 2-ші сыныпта-74 %,3-ші сыныпта -60%,4-ші сыныпта -71 %. кұрайды.Өткен оқу жылының қорытындысына қарағанда өзгеріс бар.Екінші сыныптың білім сапасына жаңадан мониторинг жасалынды, үшінші сыныпта -7%-ға төмендеген,4-ші сыныпта жылдың соңындағы көрсеткіш қайталанды,яғни өзгеріссіз.Бірақ қыркүйек айында бастапқы білім сапасын анықтағанда,сыныптардың көрсеткіштері әлде қайда төмен болған.Сонымен қатар әр сынып жетекші өз сыныптарының пәндер бойынша қорытынды бағаларын мәлімдеп,талдау жасады.

2.Екінші мәселе бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі М. Оспанова Қоғам үшін баланың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі - ең басты байлық. Сондықтан мектепте

жолда жүру ережелеріне үлкен көңіл бөлінуде. Статистика бойынша, өкінішке орай, жол апаттары көптеп болуда. Соның ішінде балалардың жол апатына душар болуы жоғары көрсеткішті көрсетеді.

Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, калтарыстан жолға шығып келетіні салдарынан бұзылады. Балалар жолда жүру заңын сіз бен бізден үйренеді. Балалар үлкендердің жүріс - тұрысының жақсы жағын да, жаман жағын да қабылдайды. Көп жағдайда балалар жолда жарақат алып, түрлі жағдайға ұшырап жататыны көлік жүргізушілерінің ғана кінәсінен емес, ол көбінесе балалардың жол жүру ережесін білмегендіктен болады. Балаларға жолда жүру ережелерін үйретіп, үнемі оған үлгі көрсетіп және жүріс - тұрысын қадағалап, балаларды көшеде болатын қауіпті жағдайлардан сақтандыру әрбір ата - ананың міндеті.

Мектепте балаларға арнап «Жолда жүру ережесі» тақырыбында тәрбие сағаттар өткізіледі, Сондықтан әрбір бала үйретілетін «Жолда жүру ережесі» тақырыбындағы шараларды мұқият тыңдап, өткізілген іс - әрекеттен қорытынды жасап отыруға міндетті. Алдымызда күзгі демалыс күндері, барлық ата-аналарға ескерту жасалынды.

Сөйлегендер:

1. К. Ерназаров - 3 сынып ата-анасы:

Мен баламның білім деңгейін көріп отырмын. Мен тек қана ризашылығымды білдіремін мектеп мұғалімдеріне. Үй жұмысы беріледі, тексеріледі. Үнемі кері байланыс беріп тұрады.

2. С. Джугусов - 4 сынып ата-анасы:

Өз сөзінде оқушылар қауіпсіздігіне ерекше назар аударуы керек екенін айтты. Баланың білім алуы мен қатар, оның өмір қауіпсіздігіне де жауапты екенімізді ұмытпауымыз керек. Ереже сақтауды әр ата-ана үйде балаға үйретіп, ұмытпай ескертіп отырса кез келген бала дағдыланады.


Қабылданған шешім:

1. Оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында ата-аналардың атқаратын жұмыстары күшейтілсін.

3. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде жолда жүру ережесін сақтау ережелерін үйрету қатаң түрде мұғалімдердің және ата-аналардың тарапынан оқушыларға үнемі жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:

 **К. Спатаев**
 **А. Ағайдарова**